

ӨКІМ

№ 03-06/07

РАСПОРЯЖЕНИЕ

26.01 2021г.

**2020-2021 оқу жылдың
көктемгі семестріне даярлық
туралы**

2020-2021 оқу жылдың көктемгі семестрінде 1 курс студенттері үшін аралас оқыту форматында оқу процесін тиімді ұйымдастыру мақсатында **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Оқу үдерісін ұйымдастыру, оқу ғимараттары, жатақханалар мен медициналық пунктердің және асханалардың даярлығын тексеру үшін төмендегі құрамда Штаб құрылсын:

- **Штаб төрағасы:** Ж. Ішпекбаев – тәрбие жұмысы және әлеуметтік даму жөніндегі проректор м.а.

Төраға орынбасары: Ғ. Дулатов – әкімшілік-шаруашылық мәселелер жөніндегі проректор м.а.

Мүшелері:

- Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының м.а. – Х. Жанбеков;
- Білім беру бағдарламаларын жобалау департаменті директорының м.а. – А. Байдильдина;
- Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департамент директорының м.а. – Қ. Бекбенбетова;
- Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі департамент директорының м.а. – Р. Тыныбеков;
- Эксплуатациондық-шаруашылық бөлімі бастығының орынбасары Ғ. Ахатаева;
- Денсаулық сақтау пунктiнiң терапевт-дәрiгерi – Г. Нурбекова;
- Жастар iсi жөнiндегi комитет төрағасы – Д. Дiлдәбек;
- «SmartStudents» орталығының директоры – Е. Нұрман;
- Студенттік ректорат төрайымы – Т. Ибраимова;
- Жастар iсi жөнiндегi комитет мүшесi – А. Құрманалиев.

000038

КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС
Абай атындағы ҚазҰПУ
Құжатпен қамтамасыз ету
және бақылау бөлімі

2. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының м.а. Х. Жанбековке, Білім беру бағдарламаларын жобалау департамент директорының м.а. А. Байдильдинаға оқу әдістемелік кешендер, сабақ кестелерінің әзірлігіне 2021 жылдың 27-29 қаңтар күндері мониторинг жүргізу жүктелсін.

3. Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі департамент директорының м.а. Р. Тыныбековке, Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департамент директорының м.а. Қ. Бекбенбетоваға, Эксплуатациондық-шаруашылық бөлімі бастығының орынбасары Ғ. Ахатаеваға оқу ғимараттары, жатақханалар мен асханалар, медициналық пункттердің оқу үдерісіне даярлығына 2021 жылдың 27-29 қаңтар мониторинг жүргізу жүктелсін.

4. Барлық институт директорларына, Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департамент директорының м.а. Қ. Бекбенбетоваға, Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Д. Ділдәбекке, «SmartStudents» орталығының директоры Е. Нұрманға, Студенттік ректорат төрайымы Т. Ибраимоваға 2020-2021 оқу жылдың көктемгі семестріне офлайн форматында оқуға келетін 1 курс студенттеріне пандемиялық жағдайда университет өміріне бейімдеу, жатақханаларда тұру Ережесімен таныстыру және жастарға бағытталған іс-шаралар жоспарын ағымдағы жылдың 3 ақпанына дейін әзірлеу жүктелсін.


4. Барлық институт директорларына бекітілген кестеге сәйкес көктемгі семестрге офлайн форматында оқуға келетін, жатақханаға мұқтаж 1 курс студенттерінің тізімін нақтылап, ағымдағы жылдың 26 қаңтар күні Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департаментіне тапсыру жүктелсін.

5. Барлық институт директорларына, Эксплуатациондық-шаруашылық бөлімі бастығының орынбасары Ғ. Ахатаеваға пандемиялық жағдайды ескере отырып, 1 курс студенттерін жатақханаға орналастыру жұмысын тиімді ұйымдастыру (жолдамаларын алдын-ала әзірлеу, сенбі, жексенбі күндері студенттерді жатақханаларға орналастыру, барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау шараларын ұйымдастыру) жүктелсін.

6. Өкімнің тиісті құрылымдық бөлімшелерге таратылуын құқықтық құжаттамамен қамтамасыз ету және мұрағат ісі басқармасының бас маманы Г. Маликоваға жүктелсін.

5. Осы өкімнің орындалуын қадағалау тәрбие жұмысы және әлеуметтік даму жөніндегі проректор м.а. Ж. Ішпекбаевқа жүктелсін.

Басқарама Төрағасы - Ректор м.а.



Т. Балықбаев

КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС

Абай атындағы ҚазҰПУ
Құжатпен қамтамасыз ету
және бақылау бөлімі